№6 «Аққогершін» бөбекжай-балабақшасы

# «Республика күні»

№5 «Ақбота» мектепалды даярлық тобы

Тәрбиеші: Мұқанбетова А.Қ.

2024 оқу жылы

**№5 «Ақбота» мектепалды даярлық тобы**
**Күні:** 23.10.2024ж
**Тақырыбы:** «Республика күні»
**Мақсаты:**
- Оқушыларды өз Отанын сүйюге, қазақ екенін, Қазақстанда тұратынын мақтаныш етуге, туған халқының тілін, мәдениетін, салт – дәстүрін қастерлейтін саналы да парасаты азаматтар тәрбиелеу.
- Елінің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеуге өз елін, тегін, тарихын біліуге тәрбиелеу.

Жүргізуші: Біздің дүниеде бір ғана Отанымыз бар, ол – Тәуелсіз Қазақстан.
1990 жылы 25 қазанда Республиканың жоғары кеңесі еліміздің тәуелсіз мемелекет ретінде дамуының құқықтық негізін қалаған Декларацияны қабылдады. Осы тарихи маңызды қадам арқылы Қазақстан дербестіктің, тәуелсіздіктің алғашқы баспалдағын басты. Сол уақыттан бері мемлекетіміз өтпелі кезеңнің қиыншылықтарына төтеп бере отырып, даму мен өркендеу жолында келеді.
Ата - бабаларымыздың ғасырлар бойы аңсап өткен Тәлсіздікке қол жеткізгелі бері еліміз талай – талай асқарлы асуларды бағындырды. Өтпелі кезең ауыртпалықтарын бастан өткізіп, оңай тимеген экономикалық, саяси реформалар жүзеге асырылды. Қазақстанды бүгінде әлем жұртшылығы нарықтық экономикалы – демократиялық ел ретінде таниды. Елімізде халықтар достығы жақсы сақталып келеді. Ол жетістікте сөз жоқ еліміздің тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың сіңірген үлкен еңбегі бар. Ел бірлігін сақтауда татулықтың үлкен байлық екендігін бүгінде Қазақстан халықтарының барлыңы айқын сезінеді. Біз туған мемілекетіміздің тәуелсіздгін баянды етуге, қуаттын артыруға, оның игілігіне, халықаралық қоғамдастықта абыройының өсуіне адал қызмет етуге парыздармыз. Қазір қазақстан – көп елдермен терезесі тең, елдік рәміздері анық, мәртебесі беделді мемлекет.
**ҚР Мемлекеттік Әнұраны орындалады**
**Тәрбиеші:**
Ұшырмай көкіректен жыр кептерін,
Өлеңсіз аша алам ба сыр беттерін?
Армысың жиналған топ үлкен, кіші,
Армысың айналайын халқым менің.
**Тәрбиеші:**
1.ҚР тұңғыш президенті кім?
2.Мемлекеттік Рәміздерді ата?
3.Көк туымызда не бейнеленген?
4.ҚР қазіргі президенті?
**Абдул азиз:**
Аспанымдай мөлдірмін,
Жайлауымдай жазықпын!
Өзенімдей өршілмін,
Гүлдерімдей нәзікпін.
Қуат алған өзінен,
Туған елдің ұлымын.
Бақытты етіп өсірген.
Отанымның гүлімін!
**Мөлдір:**
Ен даласын,
Егін жапқан.
Бар баласы,
Бақыт тапқан.
Менің жерім,

Туған елім.
Күн сәулелі Қазақстан!
**Гулдария:**
Шықты тарап ой данадан,
Бері қарады жұлдыз беті.
Өзі қалап, сайлап алған,
Елімнің бар Президенті.
**Раяна:**
Қазақстан – менің туған анамсың,
Өзгеде жоқ, өзімде бар даламсың.
Кеңдігіңмен, молдығыңмен момақан,
Ақыл, сабыр үлестірген данамсың.
**Тәрбиеші:** Ән «Қазақстаным Отаным» хор
**Тәрбиеші:** Бірлік, татулық, ынтымақ! Халық осы үш ұғымның қадірін жақсы біледі. Қазақстан Республикасы жүздеген ұл пен ұлыстың басын біріктіріп, ынтымағын жалғыстырып отырған Ұлы мемлекет.
Жүргізуші: Қазақстан өз Президентін Ұлы тұлға деп мақтана алады.
Қазақстан – туған Отан алтын бақ, Қазақстан – мейірлі ана, дос қымбат.
Қазақстан – бізді туған Ұлы Отан, Ұлы жолға түсті келіп жарқылдап.
Қазақстан – көпті көрген қария, Жайнай берсін, жайнай бер сен мәңгілік!

